

Ақтөбе университеті



1996 жылдың
12 наурызынан
бастап шығып
келеді

№ 19 (395)
15 желтоқсан 2016 ж.

"Ақтөбе Университеті" Газеті

АРГУ им. К.Жубанова

@argugazeti@mail.ru

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше еткен сияқты уақыталар бүгін де тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғақта толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қыын белестерден аса білдік. Ең қыын жылдар дәл қазір артымында қалды, сондықтан да мен еліміздің еңесі биіктей беретініне сенемін».

Н.Ә.Назарбаев



16 ЖЕЛТОҚСАН - АТА БАБАМЫЗДЫҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛЫП, ЖАСАМПАЗДЫҒЫМЫЗДЫ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРГЕН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ. 1991 ЖЫЛЫ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫНЫҢ ҚОЛ ҚОЙҒАН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАН БАСТАУ АЛҒАН ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ, ЕГЕМЕНДІ ЕЛ РЕТИНДЕ ТАҢЫЛҒАНЫНА БИЫЛ МІНЕ 25 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ТАМЫРЫ - ЖАСАМПАЗДЫҚ РУХ, ҰРАНЫ - ЕЛ МЕН ХАЛЫҚ. ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕҢ АЛДЫМЕН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БОСТАНДЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН АСҚАҚ АРМАНДАРЫ МЕН ҚАЙСАР РУХЫНЫҢ ЖЕМІСІ. СОНДЫҚТАН Да БІЗ ҰШІН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ - ЕҢ ҚАСТЕРЛІ КҮН. ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ЕҢ БАСТЫ ҰҒЫРЫ - ОЛ ҚОҒАМНЫҢ, СОЛ МЕМЛЕКЕТТЕП ЖЕРГІЛІКТІ ҰЛТТЫҚ РУХЫ, ЖІГЕРІ, ҚОҒАМДЫҚ САНАСЫ. БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ - ЖАЙ ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ ЕМЕС, АЗАМАТТАРДЫҢ МҰДДЕСІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ.


Еліміз тәуелсіздігін жарияладап, дербес мемлекет ретінде өлемге танылды. Бұл мемлекеттің бөн халқымыз үшін ең басты, әрі құнды мереке болмақ. Тәуелсіз еліміз ширек гасырга жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді базындырыды, толагай жетістіктерге қол жеткізді, өлемдегі бессекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Жыл сайынды Президенттің халыққа арналған Жолдаулары, қабылданған мемлекеттік бағдарламалары мен стратегиялық бағыттарының барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, егемендігімізді нығайтуға бағытталды.

Осы орайда, 2015 жылды 30 қараадағы халыққа арналған Жолдауында Елбасының тәуелсіз мемлекет атанағанымыздың 25 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айта келіп: «Бұл - тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбекіміздің ширек гасырлық белесін қорытындылайтын мереілі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қыын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызығындасты нығайта түсү үшін бізге өлі талай өткелі курделі, өкпеал көп бұралан жолдардан өтуге тұра келеді», - деп алдағы кезеңде кездесетін сынқатерлерден мұдірмей өтуге шақыран еді...

Енді, төңірегімізге осы тұрвыдан көз тастасақ, көкте бір Тәнірғе, жерде бір өзіне вана сөніп, көреміс жарықты көріп, бүйірмис ырзықты татып, сүйгізген үрпағын сүйіп, өлшеулі ғұмыраға пейіл болудан басқаның бөрі күпірлік екендігіне көзіміз тегіс жете бастаандай. Ован да «шүкір» дейміз. Көңілге медет қыларымыз тек бір бұл емес. Ең бастысы - жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Біз тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қаншама қынышылқтарды басымыздан өткіздік, енді осы тәуелсіздігімізді қадірлеп қастерлеп, халқымыздың әл ауқатын жақсартуға, экономикасын ары қарай көтеруге, мемлекеттігіміздің гүлдеп жайнауына, демократиялық және құқықтық мемлекет құру жолында аяnbай етуіміз қажет. Сондықтан қарыштап дамып келе жатқан еліміздің егемендігі мәнгі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Кенжегали КЕНЖЕБАЕВ,
университет ректоры

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



Ж.Баласағұнның 1000
жылдығы «ізденіс»
үйірмесінде



Мәңгі ел есінде



Еркіндік қыраны,
шарықта!



V Жастар форумы



Экологтар ядролық
қаруызы
әлемді таңдайды

Әдістемелік жобалар
байқауын үйімдастыру
ережелері

8 БЕТ.


ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ТАТУЛЫҚ

Университетімізде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының үйымдастыруымен Халықаралық толеранттылық пен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ««Мәңгілік Ел» идеясы қазақстандық патриотизмін рухани негізі» тақырыбында дәңгелек үстел өткізілді. Шарага «Ақтөбе облысы өкімінің аппараты» ММ-сі «Қоғамдық көлісім» КММ-нің же Ақтөбе облысының ішкібасқармасының қызыметкерлері, филология жене тарих факультеттерінің оқытушылары, студенттері қатысты.

Дәңгелек үстел барысында «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары мен қағидалары жөнінде сез қозғалып, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бітімгершілік саясаты талқыланады. Пікір алмасу кезінде университет оқытушылары студенттер бойында толеранттылықты дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Шақырылған қонақтар талқыланған мәселелер бойынша ез пікірлерін білдіріп, кафедраның атамыш тақырып бойынша алдағы жұмыстарына табыс тігеді.

Гулдана МУКАНОВА

Ж.БАЛАСАҒҰННЫҢ 1000 ЖЫЛДЫҒЫ «ІЗДЕНІС» ҮЙІРМЕСІНДЕ



25 қараша күні жалпы педагогика жене психология кафедрасының үйымдастыруымен Жұсіп Баласағұнның 1000 жылдық мерейтойына орай «Мениң Баласағұның» атты дәңгелек үстел өтті.

Шараны студенттердің «ізденіс» ғылыми-зерттеу үйірмесінің жетекшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Гүлім Елеусінқызы ашты. Ол өз сезінде «Құтты білік» дастанының жастар тәрбиесіндегі маңызы туралы, мерейтойдың барлық жерде бірдей етуін үлес қосу мақсатында үйымдастырылып отырғанын айтып өтті. Дастандағы негізгі үғым «кісілік» туралы ой-пікірлер ортага салынып, адалдық, ақыл, бақдәүләт, қанағат атты терт қымбат қасиеттердің сұхбатынан үзіндітер оқылып, бүгінгі құнмен байланыста қарастырылды. Педагогика магистрі Ұлболовын Тұякова студенттерге арнап қызықты сыйнадар, викториналық сұрақтар қойды. Ұлпама туралы видеофильм көрсетілді. Дәңгелек үстелде Баласағұн идеялары туралы пікірлерін студенттер Айдана Олжабай, Айдана Жамангарина, Жеткөргөн Қожабаева, Сағыныш Тұрсынқұл Назгул Нұрыш, Жамиля Калимollaева, Жансая Жазымбай, Есекүл Қалдан, Нурай Қоңыrbай, Ұлболовын Жәлімбетова, Назерке Оразалы, Сәния Құнтаева, Мейрамгул Ораз, Нұргалы Жұлдызыбаевтар тартымды жеткізе білді. Осы студенттер «Ізденіс» үйірмесінің жаңа құрамы ретінде қабылданды.

«Құтты білік» дастаны туралы корытынды сөзде «жалпы педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушылары Наренова Асия Болатқызы, Баймаханова Гүлнар Қалдыбайқызы, Калина Эммира Асестуллақызы шарага он пікірлерін білдіріп, студенттердің ойларын көркемдік санаға бағыттау мақсатындағы арман-үміттерін жеткізді. Сырт кез ретінде шарага № 51 гимназияның 11 сынып оқушысы Назерке Баубекқызы қатысты. Қазақ дәстүрі бойынша дәңгелек үстел «Гауһар сезден шашу» атты рефлексиямен жалғасты. Руҳаны сұхбат соңында студенттер бағалы сыйлықтармен маралпатталды.

Мейрамгул ОРАЗ,

филология факультетінің 2 курс студенті



ШЕКАРАШЫЛАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРИМЕН КЕЗДЕСУ

Жұырда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік мемлекеттік университеттің экономика және құқық институтында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай 25 күндық іс-шара барысында Қазақстан Республикасының шекарасына арналған «Мемлекеттік шекара-мемлекеттік аумақты белгілітін шектер» тақырыбында ашық кураторлық сағат өткізілді.

Кешкі үлттық қауіпсіздік комитеттің шекара қызметі бөлімінің аға офицieri, капитан Жасулан Ильсов, десанттық-шабуышлы топтың аға барлаушысы, сержант Айберген Туржанов қонақ ретінде шақырылды. Сонымен қатар институт оқытушылары С.Ж.Кельбетова, Ж.Ж.Байшукрова, Б.Т.Елубаева, М.Еспусинова, кітапхана қызметкерлері Ж.С.Сұндетова, К.Н.Кребаева және «құқықтану» мамандығының студенттері шараның көрермендері болды.

Кездесу барысында шекарашылар қызметі туралы слайд қорсетіліп, студенттер дайындаған баяндамаларын оқыды. Көрермендерге домбырамен күй шертіліп, қобызда өн ойнатылды, дүэтпен өн шырқалды.

Ез кезегінде қонақа келген шекара қызметкерлері де сөз алып, үлттық қауіпсіздік комитеттің шекара қызметі бөлімінің аға офицieri, капитан Жасулан Ильсов шекара туралы қызықты баяндалап, статистикалық мәліметтер де үсінди.

Бұл шараны үйімдастырушы аға оқытушы Л.А.Мурсалова және 101 топ студенттері атамыш шараны қызықты етіп өткізуге бар ынтасын салды.

Студенттерге осындағы патриоттық тәрбие беретін, Отанды сүюгө, тәуелсіздігіміздің кадрларға жетелейтін тәлімдік-тәрбиелік шаралардың маңыздылығына шұбә жоқ.

Ж.СҮНДЕТОВА,
Қ.Жұбанов атындағы АӘМУ
бас кітапханашысы

Құттықтаймыз!

Құрметті де ұлағатты ұстаз, адал жар, асыл ана УРМУРЗИНА БАЯН ФАЗИЗҚЫЗЫ!



Ұстаз – кез-келген адам үшін қастерлі тұлға. Фылым жылында еткен еңбегініз бен төккен теріңіз аз емес. Еткен еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көнілге үлкен мәдеть. Қуанышыңыз құтты болсын!

Құрметті Баян Фазизқызы!

Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттігіз. Өмір жасының үзақ, көрген бейнетініздің зейнеті жүз есе болып, дәнсаулық, бақыт, байлық алып келсін! Жапырағын жайған мәуелі бейтеректей ғұмыр тіләйміз!

Ағайын-тұстың құрметтіңе, ұл-қыздарыңыз бен һемерелерініздің женісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне бөләнген әдемі ғұмыр кешініз!

Құрметпен, теориялық және қолданбалы психология кафедрасының ұжымы

ҚҰРМЕТТІ БИБІГУЛ СЕЙІЛҚЫЗЫ!

Ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты. Өнегелі ұстаздан жақыс шәкірт шығатыны сөзсіз. Шәкіртерін білім нәрімен суындағы, тәлім-тәрбие беру, жақыс қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаңың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Сізді қашпілік өніріміздің бірнеше буын тарихы мамандарын дайындаған ұлағатты ұстаз, танымал ғалым, көптеген ғылыми жаңа шығармалардың авторы, еліміздегі жоғары оқу орындарына кредиттік оқыту жүйесін енгізу жөніндегі әдістемелік өзірлемелердің авторы, 1985 жылдан бері білім ордамызының дамуына, көркөніе, ғылым мен мәдениет орталығы ретінде қалыптасуына өз үлесін қосып келे жатқан тұлға ретінде таиды.

Бүгінде стратегиялық даму және білім сапасын бағалау басқармасының бастығы қызметінә бойынша мамандарындағы қызметтің таразылай білдін зор үйімдастырушылық қасиетінде, көсібі іске рілгінізді, парасаттылығының бен принципшілдігінде танытып, шәкіртерінізді бойында сондай қасиетті нәрін сөйті жүрсіз. Болон процесінің негізгі параметрлерінің бірі саналатын институционалды және мамандандырылған аккредиттеу мәселеін де өзініздің тыңғылықты атқару қасиетінен үйімдастырып, нәтижесінде университеттің 2014 жылы институционалды аккредиттеуден сәтті етсе, қазіргі таңда 36 білім беру бағдарламасы мамандандырылған аккредиттеу рәсімінен ойдағыдан өтіп, барлығы 5 жылға аккредиттеді, тағы 10 мамандық осы айданы аяғында ететін Аккредиттеу көнеспінің шешімін құтуде.

Құрметті Бибігул Сейілқызы!

Тұған күнінің шынын шыркетен құттықтаймыз. Сізге зор дәнсаулық, еңбегініз жемісті болсын дейміз. Әрқашан үміттерің орындалып, толғай табыстарға жете беріңіз!

Қоғам илілігіне, еліміздің ғылымына бағыттаған еңбегініз елеңе бергей. Осынау илілікті істе қанатының талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта берсін Өзінізге және отбасыңызға үзақ ғұмыры, бақыт пен береке тілөйміз.

Құрметпен, стратегиялық даму және білім сапасын бағалау басқармасының ұжымы



СТУДЕНТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ - ЗЕРТТЕУ ЖУМЫСЫНДАҒЫ ЖЕТИСТІКТЕРІ



Республикалық жағовары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік мемлекеттік университеттің студенттері Береке Елеусизова мен Гулжайна Сейтжанова «Бастауышта оқыту педагогикасы мен едістемесі» мамандығының бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Ғылыми жетекшісі - доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты С.С.Сейтінова.
ARSU.KZ



МЕНИң СҮЙІКТІ КІТАБЫМ



Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өнірлік мемлекеттік университетінің экономика және құқық институтының кітапханасы және жастар саясаты бөлімінің үйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ретро-фестиваль «This time» және «Мениң сүйікті кітабым» атты фотобайқау сайысы өтті.

Шараны үйымдастырудың басты мақсаты – жастардың бойына кітапқа деген қызығушылықты арттырып, олардың дүниетанымын көңейту.

Кітап – асыл қазына. Кітапты оқи отырып, адамның ішкі рухани жандуниеі байып, емірге деген көзқарасы да кени түсептін сезісі.

Фотобайқауға қызығушылық танытқан жастар саны кеп болды. Солардың арасынан экономика және құқық институтының 2 курс студенті Асель Кулнисазова ерекше талғамы үшін жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды Сымбат Шукерова иеленсе, үшінші орынға мемлекеттік жергілікті басқару мамандығының 3 курс студенті Алихан Альмаханов лайық деген танылды. Қалған қатысушылар Алғыс хаттармен марараптады.

Найля ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
кітапхана әдіскері

ТАРИХСЫЗ КЕЛЕШЕК ЖОҚ!

Мен – қазақын, мың өліп, мың тірліген,
Жергілімде таныстым мұн тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Куанғанда күлкімнен тұн түрліген –
деп Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақын!» поэма-
сында көрсеткендей, қазақ халқы қылы да қысынды за-
манда не көрmedі?! Қаһарлы, шерлі азын айқара ашқан
аяқсыз жылдардың, басқыншылық, тәңкеріс, құғын-сүргін
соғыс жылдарының талайын көрді. Шыдады, тезді.
Берілmedi, беріспеді, күресті. Соңында женіске жетті. Уш
жұз жылдан уақытқа созылған еліміді үлтсыздандыру са-
ясатынан өрөн құтылып, жеттіс жылдам астам уақытты
қамтыған көңестік езілдеш, өйтейр аман қалды. Сейтіп,
ақырында азаттықтың ақ таңы арайлап атты.
Алашымыздың арқа сүйер азаматтарының, жанашыр
жақындарының, қалың елім қазағымның жалынды
жастарының, үлттың сүйеген ұлы жүрек иелерінің арқасында
бага жетпес байлығымыз, таусылмайтын қазынамыз –
Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бабаларымыздың санғасырлар
бойы аңсаған ең асыл, аса биік, ақ арманына жеттік. Бірақ, тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін
ұмытпаганымыз жөн. Осы жолда елін сүйеген, жерін сүйеген, ел деп еніреп күн кешкен арыстандай ай-
батты ақтаңдақтарымыздан айырылдық. Біз олардың ерліктерін бір сөтке де ұмытпауымыз көрек.
Өйткені тарихсыз көлешек жоқ!

Қойнауы кенге толған бай өлкे – Қазақстанның тарих саҳнасынан ез орнын алғып, тәуелсіз ел
бөлшіп құрылғанына биыл міне, 25 жыл толып отыр. Аз уақыттың ішінде еліміз бізден едөүір уақыт
бүрін тәуелсіздіктерін алған мемлекеттерді қылп жеттіп, спорт, білім, мәдениет, өнер жағынан өлемнің
алпауыт елдерімен терезесі тенеле түсүде. Әлемдік дәрежеде спорттық жарыстарды үйымдастырып,
алпауыт елдердің үйлімін тәрға болып, өзінің қандай ел екенін уақыт еткен сайын дәлелдей
түсүде. Әзге елде туымыз көк аспанда желбіреп, рухымызды асқақтарат айбынды ғынарның
шырқалғанда әрбір қазақстанның жүрөгінде елінеге деген мақтаныш сезімі орнайтыны хак. Осын-
дай қындықпен келген бұл тәуелсіздік мейрамының орны біз үшін тым белек. Осы сөтте данышпан
Абай атамыздың «Бірінді қазақ, бірін дос, көмесен істін бөрі бос», Төле бидің «Бірлік жоқ жерде –
тірлік жоқ» деген есінет – енеге сезідері ойыма орала кетеді. Әзілай дейтінімнің себебі - тағдырын
тәлекегіне үшірап, ауырлықпен келген бұл жетістіктің барлығы да халқымыздың ынтымалы мен
бірлігінің жараксанының арқасында деген білем.

Сондықтан да тәуелсіз еліміздің болашақ үрпақтары мен жастарына айттынымыз - береке
бірлігімізді мөңгі алақанымызда аялап үстап, қастерлөп сақтар болсақ біз тәуелсіздігіміздің 25
жылдығын ғана емес, елі мың жылдығын тойлайтын күнге де жетеміз!

Улмекен УТЕПОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2 курс студенті



ПАЙ-ПАЙ 25 - АЙ-ХАЙ 50

Жұбанов университетінде жыл сайын еттін «Ректор кубогы» КТК ойыны (көнілді тапқыштар клубы) осы жылды да дәстүрлі жағасын тапты. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына университеттін 50 жылдығы

қарсанды «Пай-пай 25 – ай-хай 50» деп атапланған іс-шара факультетаралық оқытушылар арасында өткен болатын. Бас жүлдеге 100 000 тенге және де өзге ақшалай сыйлықтардың бас демеушісі. осы үодістін

жылғы қамқоршысы Гүлнур Зарлыкова бастаған көсіподак үйімі.

17 қараша күнінің таңдалуы кезде соқытқың емес. Халықаралық студенттер күнінде үстаздарымыз қайтадан сол жастық көздерін елестеткендей болды.

Студент қауымы үшін оқытушыларын жаңа қырынан көрү аса таңқалдырды. Қағытпа қалжыңмен күлкінде қалдышып, үздік өзілдерімен сағнаны жандандырган үстаздарымыз көремет ойын өрнегін көрсетіп, өзілмен салмақты ой айтып, студенттерді мерекелерімен құтықтауды да ұмытплады.

Сайыста педагогика, экономика және құқық институттары, шет тілдері, тарих, филология, физика және математика, жаратылыстану, техникалық факультеттерінен шыққан құрама командалар өзара бақ сыйнады. Ең үздігін анықтау, ең мықтысын бағамдау әділ қазыларға оңайға соқпады. Терешшілер құрамында көсіподак үйлімінің басшысы Гүлнур Зарлыкова, тәрбие жұмысы және өлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проектов Мұхтар Ми-

ров, тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасының басшысы Әлібек Қаратаев және басқалары болды.

Көремет ойын өрнегін көрсетіп, жүлдеп үшінші орынды техника факультеті, ал екінші орынды педагогика институтының құрамасы қанжығасына байласа, биылды жылдың чемпионы атапын, «Ректор кубогы», онымен коса жұз мың тенге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болған жаратылыстану факультетінің «Биос» командасы бас жүлдемен марараптады. Айта кету көрек, сайыса қатысқан әрбір командаларға ақшалай сыйлық беріліп, арнағы сертификаттар табыс етілді. Үздік ойыны атағын «Биос» командасының мүшесі Жадыра Амангелдіқызы ұстазымыздың өнісіне бүйірді.

«Күлкі өмір айнасы» демекші, халықаралық студенттер құнғы мерекелік кешті еткен қаларлықтай ойын-кулқи сыйлаган оқытушыларға студенттер шекіз ризашылықтарын білдірді. Әрдайым жайдарлы емір сүрәйік!

Динара КУЖАХМЕТОВА

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ДӘРІПТЕГЕН КӨРМЕ

4 ҚАРАШАДА ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «25 ЖҮЛДЫЗДЫ ШАРА» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ҚАЗАҚСТАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» АТТЫ КӨРМЕ ӨТТІ. ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРМЕН ЖӘНЕ ЖАСТАР ҮЙЫМДАРЫМЕН ЖҰМЫС БӨЛІМІ ӨТКІЗГЕН КӨРМЕГЕ АТАЛМЫШ ИНСТИТУТ ШЕБЕРЛЕРІНЕН ӨЗГЕ ФИЛОЛОГИЯ, ЖАРАТЫЛЫСТАНУ, ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТТЕҢ ҚОЛӘНЕРШІЛЕРІ ҚАТЫСТИ.

Көрмеге қойылған авторлық туындыларында талантты жастар туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін жеткізе білген. Келушілер сандық, кубі секілді қазақтың үй жабдықтарын, үлттық оюмен өрнектелген қоржындарды, алқа, сырға секілді қазақ қыздарының өдемі әшекейлерін, моншақтармен көмкірілген кәжекей мән қос еткей кейлегін, ағаштан ойып жасалған домбыра, қобыз секілді үлттық музика аспаптарын, Ш.Берсиеvтің бьюсті мен Әбілхайыр ханның портретін, түрлі өдістермен салынған көз тартарлық картиналарды тамашалады. Сонымен қатар, көрермендерге ән мен биден шашу шашылды.

Көрме жайында педагогика институты студенттермен және жастар үйымдарымен жұмыс белімінің маманы Жадыра Баймұханова «Көрме жоспар бойынша өткізлі. Бұл – біздің Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнаған тартуымыз. Көрмені үйымдастырудары мақсат – жастардың бойына патриоттық сезім үзялатып, отансүйгіштікке тәрбиелу және олардың шығармашылығын таныту, қолдау. Шара барысында 50-ге жуық студент өз қоленер бүйімларын жүрт назарынан үсінчілік лейлі.



Көрмеге келушілдердің қатары көп болды. Арала-рында өзінен қажет дүниелерді тауып, авторларына тапсырыс беріп жатқандары да та-былды. Солардың бірі уни-верситет оқытушысы Мирмагұл Есенғұлова: «Бүгін көрмеге келгенім етте куаныштымын! Бәрі жоғары деңгейде өтті. Маган фетр матасынан жасалған қазақы стильдегі белбеу қатты үнады. Енді соны өзімек жасатып алмақшымын. Авторымен сөйлесіп, тапсырыс беріп те койдым. Алдағы уақытта осындаш шаралар жиі етсе деген тілөгім бар», - деп көрме туралы ез ойымен белісті.

Көрмеге қатысушылардың бірі ретінде мен де үйымдастырушыларға ризашылығымды білдіремін Өзімізді танытып, езгелермен шеберлік алмасатын жақсы мүмкіндік туды.

Ақтоты САҒЫНҒАЗЫ, филология факультетінің 2 курс студенті



Мәңгі ел есінде

ҚАЗАК ХАЛҚЫНЫҢ ФАСЫРЛАР БОЙЫ АҢСАҒАН АРМАНЫ ОРЫНДАЛЫП, 1991 ЖЫЛДЫҢ 16 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕРБЕСМЕМЛЕКЕТ ТРЕТИНДЕ ЕГЕМЕНДІГІН ЖАРИЯЛАДЫ. БЫЛ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАНЫМЫЗҒА ШИРЕК ФАСЫР ЕТСЕ, 1986 ЖЫЛЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА 30 ЖЫЛ ТОЛЫПТЫ.

ҚАНШАМА ЖЫЛДАР АРТТА ҚАЛЫП, ЗЫМЫРАҒАН УАҚЫТ ӨЗ ДЕГЕНИН ЖАСАСА ДА, 30 ЖЫЛ БҮРҮНГҮ ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ҮЗІФАРЛЫ ЖЕЛІ, ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ЖАСТАРЫНЫҢ ЕРЛІГІ ЕЛ ЖАДЫНДА. ӘСІРЕСЕ, СОЛ ТОЛҚУАРДЫ ҚӨЗБЕН КӨРІП, КҮӘ БОЛҒАН ЖАНДАРДЫҢ ОНЫ ҰМЫТЫУ МУМКИН ДЕ ЕМЕС. ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНЫҢ КУӘГЕРЛЕРІНІҢ БІРҚАТАРЫ ҚАЗІР БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТИМІЗДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТІП, ЕЛ БОЛАШАҒЫ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ИСІНДЕ АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТІП ЖУР.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ОЛАРМЕН СҮХБАТТАСҚАН ЕДІК.

1. Желтоқсан оқиғасының сүйкі ызгарын басыңыздан өткерген жастың бірі ретінде сол оқиғаға толығырақ тоқталып өтсөніз?

2. Кейінгі кезде естітініміз, желтоқсан оқиғасының күегерлері қыздар жігіттерден де өткен батыл болды дейді?...

3. Тәуелсіздікті аңсаған Желтоқсандағытардың бәрі ақталып, өздерінің саяси бағасын алды деп ойласызыңыз ба?

4. Желтоқсан көтерілісінен 30 жыл толды. Сіздерше, дәл қазір қазақ қоғамында Желтоқсан рухы тірі ме?



ЖҮНІСОВ Бауыржан Арғыстанұлы, экономика және құқық институты ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар бойынша директордың орынбасары

1. Желтоқсаның 17-сі күні таңертенғі сағат 8-де қаладағы Леонид Брежнев (1906-1982 ж.) атындағы алаңға (қазірі Республика алаңы) саяси тәуелсіздікті талап өткен ұрандармен алғашында 300-дей адам жиналып, кешкін көтерілісшілер саны 20 мыңға жетті. Бірақ, көтерілісшілердің қойған талап-тілектері аяқ асты етіліп, «бұзакылардың» күшпен тарату мәсқатында алаңға құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен арнайы ескери құштер тобы жеткізілді.

«Мен ол кезде, 1986 жылы аспирантура бітіріп, Алматы халық шаруашылығы институттың алғашқы партия комитеті ұжымының жинальсы болатын еді. Бірақ, белгісіз себеппен жинальс әтпейтін болды. Институттың қабыргасынан сыртқа шықкан мезете жігіттер алаңда адамдар жиналып жатыр деғен соң, сағат 4-5-тер шамасында сол кездең Республика алаңына бардық. Алаңға барсақ халық кеп жиналған екен, бейбіт шеру жүріп жатыр. Әншнейнде жылы болатын Алматы сол күні қатты аяз болды, оның үстінен желтоқсаның ызгарлы желі соғып тұрды.

Екінші күні, яғни желтоқсаның 18-күні алаңға қайта жиналмақ болған көтерілісшілерге қарсы ескер күші қолданылды. Көтерілісшілердің қалған топтарын ықыстыру үшін жедел отряд, милиция мен жасақшылардан арнайы топтар құрылып, қала кешелеріне аттандырылды. Оқу орындары мен жатақханада студенттерге «алаңға бармандар» деп әртүрлі жинальстар өткізіп, үгіт-



насихат жүргізіп жатты. Ешкімнің үгіттеуінсіз жастар ез еркімен алаңға шықты, жүртпен бірге айқайлад, Шемші Қалдақоявтың «Менің Қазақстаным» әнін шырқады.

Әскери құштер 19 желтоқсан күні қаланың әр түсінде қайтадан шеруғе шықпақ болған 6 топты басып, тарратты. Сол күн алаңға таты бардық. Желтоқсаның 19-23 аралығында халықтың наразылық шерулері мен митингілер Қазақстаның Жезқазған, Талдықорған, Қекшетау, Қарғанды, Ақтөбे, Павлодар, Жамбыл, Талғар, Сарқан, т.б. қалалары мен Сарызек, Шамалған, Шелек елді мекендерінде жағласты.

2. Оныңыз рас. Бірақ, басқа тенген қайғыға қарсы тұрып, қарсы атылдық. Алғашында бойда қорқыныш болса да, бара-бара ол қайсарлыққа ұласти. Ел басына күн туғанда қыздарымыз араласып, ерлік танытты. Шеғінде жеткен қорлыққа шыдамаған жастардың жасаған істері тәуелсіздікке жетеледі. Қазақ халық момын, бірақ, жер, ел дауы десе жаңын береді. Адамның ішінде жатқан еліне деген сүйіспеншілік қылыш-қыстау кезде сыртқа шығады екен..

3. Президенттің 1991 жылғы 12 желтоқсандағы Жарлығымен Желтоқсан көтерілісінде қатысып, қылымстық, екімшілік, тәртіптік жауаптылық тартылған азаматтар ақталды. 1996 жылы Президенттің 12 желтоқсандағы жарлығымен осы Желтоқсан көтерілісін белсенді қатысқан Қайрат Рысқұлбековие «Халық қаһарманы» атағы берілді. Алаңда шырқалған «Менің Қазақстаным» әні еліміздің мемлекеттік гимніне айналды. Елбасының Желтоқсаншыларға көрсеткен ісінен, құрметтін езгерлер үлті алса фой. Шет елдең қандастарымызды елге оралтудағы сінірғен еңбегі де шексіз. Осының бәрі Елбасының 12 желтоқсандағы шырқады.

АЛИЕВ Басқар Бақдеулетұлы, «Абайтану» кабинеттің менгерушісі

1. Біз сол күні Комсомол мен Красин кешелерінің қылышында орналасқан ҚазПИ-дің екі қабатты ғимаратының бірінші қабатында Н.Келімбетовтың «Ежелгі дәүір әдебиеті» пәні бойынша дәрісін тыңдалы отырғанбыз. Оймызыда ештene жок, сабак болып жатқан №7 аудиториядағы есіктің үстіндегі әйнек кирап жерге түсікен сол еді, есікті жүлкі ашып 20-30 жігіт сау атіп ішке кіріп келді. Түрлерді намыс пен кекке суарылғандай, сұсты. Біз нә болғанын білмей, абыраң қалдық.

- Қазақы намыстарын болса алаңға шығындар. Өз елімізге ез басшымыз болуы керек – деді. Олардың кейінгі әңгімелерін түсінгеніміз: қазірға Қазақстан Компартіясы Орталық Комитеттің кезектен тыс Пленумы өткен, онда Д.А.Қонаевты орынан босатып, Орталық Комитеттің бірнеше хатшысы қызметіне Қазақстанда өмірі болмаған Г.В.Колбінді сайланғанын хабарлады.



МҰХТАРОВ Сабыржан Сагидоллаұлы, филология факультеттің деканы

1. Мен ол кезде Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты филология факультеттің студенті болатынын Мәскеуде коммунистік партия Орталық комитетті мәжілісінде 18 минут ішінде сол кездең ел басшысы Д.Қонаевтың қызметінен босатылып, онына Қазақстанға еш катысы жоқ Г.В.Колбиннің тағайындалғаны туралы, оған халық наразылығын білдіру үшін алаңға жиналу керекті туралы хабар студенттер арасында ауыздан ауызға тәз тарады. Ол кезде үялды телефон жоқ, деғенмен студенттер қай кезде де үйымышын қауымға, тез хабарланағып, тез жиналды. Аргы жағы белгілі жайға. Бұлай болуына, сол кездең бүкіл ел көлемінде көтерілген қайта құру, жариялық, демократия ұрандарын байланысты халық санаасындағы сілкініс үлкен әсер етті-ау деген ойлаймын.

2. Жалпы, қын кезде ел мән жер үшін алдымен атқа қонатын ер азаматтар ғой, олардың жаратылыс-болмысы болай. Деғенмен, сол жігіттерден қалыспай, белсенділігін танытқан қыздардың қымылын ерлікке балау етеді дұрыс деп ойлаймын. Алаңдағы оқиғалардан тыс Алматы қаласындағы көптеғен студенттік жатақханаларда сол кезде қыздар талмай шырқаған «Менің Қазақстаным» әні де халықтың рухын көтерді. Сол кездең қазақ қыздардың ерлігі қандай құрметке де лайық.

3. Алдымен, ең негізгі, желтоқсан оқиғасына саяси баға берілді. Көптеғен жас ақтанды, оқуына, жұмысына қайта қабылданды, ресми маралларға да ие болды, бүт процесс етіп жүріп жатыр. Ешкім тоқтата алмас өнді. Деғенмен, кейір тағдыры бұзылған жастардың көзінен қайта апару мүмкін емес екендігі де ойланырады, осыған байланысты мұнды сөзім баурайтыны да рас.

4. Қазір еліміз үлкен ерлеу үстінде. Тәуелсіздімізге 25 жыл толды. Атабаба санғасын аңсаған тәуелсіздікте емір сүріп жатқан бүгінгі үрпақ, сіз бен біз бақыттымыз деп ойлаймын Осы бақыттың құнын, мәнін біле, бағалай білуіміз керек. Өз тізімізде, езге елдермен сыйластықта ишкі тәңестіріп, емір сүріп жатырыз. Елдең тұныштық, көлісім – біздің басты құндылығымыз. Желтоқсан оқиғасы сонау патшалы Ресей отаршылдығына қарсы Сырым. Датов көтерілісінен басталған ел тәуелсіздікі жолындағы халық қозғалыс-көтерілісінің заңды жағасы еді. Енді ондай оқиға болмасын, беті аулақ, деғенмен ел басына қын күн таңдағай кез болса, ел мән жер үшін бүгінгі үрпақтың да езін көрсететініне сенимдімін.



АЛИЕВ Басқар Бақдеулетұлы, «Абайтану» кабинеттің менгерушісі

1. Біз сол күні Комсомол мен Красин кешелерінің қылышында орналасқан ҚазПИ-дің екі қабатты ғимаратының бірінші қабатында Н.Келімбетовтың «Ежелгі дәүір әдебиеті» пәні бойынша дәрісін тыңдалы отырғанбыз. Оймызыда ештene жок, сабак болып жатқан №7 аудиториядағы есіктің үстіндегі әйнек кирап жерге түсікен сол еді, есікті жүлкі ашып 20-30 жігіт сау атіп ішке кіріп келді. Түрлерді намыс пен кекке суарылғандай, сұсты. Біз нә болғанын білмей, абыраң қалдық.

- Қазақы намыстарын болса алаңға шығындар. Өз елімізге ез басшымыз болуы керек – деді. Олардың кейінгі әңгімелерін түсінгеніміз: қазірға Қазақстан Компартіясы Орталық Комитеттің кезектен тыс Пленумы өткен, онда Д.А.Қонаевты орынан босатып, Орталық Комитеттің бірнеше хатшысы қызметіне Қазақстанда өмірі болмаған Г.В.Колбінді сайланғанын хабарлады.

Мұнан кейін қандай сабак болуы мүмкін, терт-бес адам Л.Брежнев алаңына қарай (қазірі Республика алаңы) аяңдады. Алаңда әр жерде тобыры – тобыры адамдар жиналып қалған. Дыбыс қүшеткіш құралмен «Әр үлтқа – ез кесемі» – деғен сезідер айтыла бастады.

“Лениндин үлт саясаты жасасын” – деғен үлкен қызыл матаға жазылған ұрандың көзінізден көрді. Бір кезде алаңға милициялар кектен көле бастады. Алаңға жиналған жастар болып Ш.Қалдақоявтың «Менің Қазақстаным», Е.Қасанғалиевтің «Атамекен» әнін хормен айттық. Алаңға белгілі енер қайраткерлері мен акын-жазушылар көле бастады. Оларды трибунаға жібермеүе тысты. Кешкүрим үйлердін тебесіне қүшеткіш жарықтар әкеліп, алаңға айқыш-үйқыш түсіре бастады. Осы көрініс 18-ші желтоқсанға дейін созылды. Мұздай қарууланған арнайы жасақшылар жиналғандарды қыса бастады. Алаңға жиналғандарды айнала қуып, автобустарға қүшпен тиеп, қалғандарын итпен қуып құдалай бастады. Одан кейінгі оқиғалар ғазет, журнал беттерінде жарияланғандай көріністе болды.

2. Ол негізі бар әңгіме. Әзіміз шықкан Брежнев алаңында жүргендердің кепшілігі – он сегіз бен жиырма үш жас аралығындағы ерімдей қыздар.

- «Қазақстанда қазақ басқаруы керек. Үлт рухы үшін жанымыз қида!»-деп, қайтпай қасарысып тұрған қазақ қыздарын көзіміз көрді.

3. Кешең мызығымастай көрінен көңестік тоталитарлық жүйенің іргесін шайқалтуға айрықша үлес қосқан оқиға екенін әлемдік саясаткерлер, көтеріліс зерттеушілері ашық айтады, ал екіншітің езіміз солай деуғе дәрменсіздік тартирумен көлеміз. Бұл – елі қынға дейін ашық айттымай, саяси бағасы дұрыс берілмей көле жатқан қазақ т

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӘҢІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНДЕ, ЖЕЛТОҚСАННЫң 6-ШЫ ЖҮЛДҮЗІҮНДА ЕҢСЕЛІ ОҚУ ОРДАМЫЗДЫң 50 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ ЖӘНЕ ТӨУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА УНИВЕРСИТЕТТІК V ЖАСТАР ФОРУМЫ ЖОҒАРҒЫ ДЕНГЕЙДЕ ӨТТИ.

V ЖАСТАР ФОРУМЫ

Форумда оқу ордамыздың ректоры Қенжегали Қенжебайұлы қатысты. Ең алдымен студенттік ректор Нарқозы Қартжан ректор алдында есеп берді: «Қайырлы күн құрметті Қенжегали Қенжебайұлы және де форумға қатысушы жастар! 2016 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының іске асыру мақсатында еліміздің Президенті – Н.А.Назарбаевтың "Жас Отан" ЖҚ II съезінде берілген тапсырмаларын орындау жұмысы жалғасты.

Бүгінгі күні ТЖК жөнө ЖС басқармасының құрылымдылық белімшесі болып табылатын студенттік езін-еzi басқару үйімінің (қысқаша айтқанда студенттік ректорат) жұмысы жоғары дәрежеде қойылған Қазіргі таңда 27 жастар үйімдары мен бірлестіктер, соның ішінде 5 респубикалық қоғамдық бірлестіктер филиалдары бар, олар: «Жас Отан» жастар қанаты, «Атамекен» жастар енбек отрядтары, «ДАР» еріктілер клубы, Қазақстан жастар конгресі, Қазақстан халық ассоциациясы және басқа да университеттік қозғалыстардың жұмыстары жандандырылған. Салыстырмалы түрде айттын болсақ, былтыргы жылды университеттімізде 23 жастар үйімдары болатын.

Жалпы алғанда, 2016 жыл бойынша жастардың жұмыс жасау көрсеткіш динамикасы жақсы. Алға қойылған мақсаттар толықтай орындалған.

Тен қана сіздің бастамаңызben биыл ғана Қ.Жұбанов атындағы АӘМУ де атана қамқорлығының 12 студентке оқу ақысына 100% әлеуметтік кемек көрсетілді, жартылай жетім, бала көзінен мүгедек, аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан 198 студентке 50 пайыздық



женілдік берілді.

Студенттерді қоғамдық белсенді емірге ынталандыру үшін университеттіміздің кәсіподак үйімі «Жігер» шәкіртақы бағдарламасын бекітті. Кәсіподак үйімінің шәкіртақысы 10000 теңге көлемінде әр семестр сайын ең белсенді және университеттіміздің дамуына үлес қосқан 10 студентке тағайындалады.

